

**ЖШС «Балажан 2030 ясли-сад»
«Балажан» бөбекжай- балабақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.**

ХАТТАМА №1

Өткізілген уақыты: 26.08.2025ж

Түрі: дәстүрлі (тұрақтандыру)

Тақырыбы: Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы.

Мақсаты: Балабақшада оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру.

Қатысқандар саны– 11

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту, хатшысын сайлау.
2. Балабақша педагогикалық ұжымын оқу жылының жылдық жоспарымен, оқу жоспарымен, ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесімен, перспективтік жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, талқылау, бекіту. Мониторингпен жүргізуде қолданылатын дидактикалық құралдарды таңдау. Жауапты әдіскер Забирова А.М.
3. Оқыту-тәрбиелеу процесінде қолданылатын бағдарлама, педагогикалық технологиялар. Жауапты әдіскер: Забирова А.М.
4. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту.
5. Тәрбиешілермен тренинг өткізу. Мадақтау.

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі міндетін атқарушы Жеңіс Айнагүл Жасұланқызы педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Сондай-ақ педагогикалық кеңестің құрамын бекіту керектігін айтты. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымының басшысы (төраға), әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, психолог кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2025-2026 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып М.Т. Арзакулова сайланғандығын естеріне түсіріп өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде тәрбиеші М.Т. Арзакулова сайлауды ұйғарды.

ШЕШІМ:

1. Педагогикалық кеңестің құрамына: балабақшаның меңгерушісі (төраға), әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі, тәрбиешілер бекітілсін.
2. Педагогикалық кеңестің хатшысы болып М.Т. Арзакулова сайлансын.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша «Балажана2030 ясли-сад» ЖШС «Балажан» бөбекжай-балабақша желісін бақылайтын балабақша меңгерушісі Айнагүл Жасұланқызы жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндетімен таныстырып өтті.

Тәрбиешілер келелі мәселесі және өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын биылғы оқу жылының міндеттемесіне сәйкестендіріп өзгертіп алғандығын айтып әр тәрбиешінің келелі мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті.

1. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Әдіскер жылдық жоспарда барлық педагогтің жоспарды жүзеге асыру рөлі, ұйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және қызмет түрлерін іске асыру қызметі және іс-шараларды өткізетін жауапты адамдар нақты көрсетілген. Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын деп өз ойын түйіндеді.

2. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Тәрбиеші О.В. Шпак 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспарының барлық бөлімі нақты көрсетілген. Сондай-ақ балабақшаның жұмысын жетілдіруге және балабақшаның жаңа оқу жылына алған мақсат, міндеттерін шешуге бағытталған.

3. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспарының бекітілуін бірауыздан қолдады.

4. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Әдіскер Айгерім Мақсатқызы 2025-2026 оқу жылына құрылған оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусым күні бекітілген №391 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес құрылып, осының негізінде ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесі жасалғандығын айтты.

ШЕШІМ:

1. 2025-2026 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспарымен таныстырылып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.

2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

5. Балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін индикатор жылына үш рет қыркүйек, желтоқсан және мамыр айында жүргізілсін. Мониторингін жүргізу барысында дидактикалық материалдар мен құралдар қолданылсын. Жауапты әдіскер және топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі қыркүйек, желтоқсан 2025ж, мамыр 2026ж.

3 ТЫҢДАЛДЫ: әдіскер .

Меңгеруші - әдіскер мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қ.Р.Үкіметінің 2016 жылғы «13» мамырдағы №292 қаулысының 1-қосымшасы)сәй Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы әзірленгендігін айтты. Бұл бағдарламаның мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, «Адал азамат» бір тұтас тәрбие бағдарламасы аясында жұмыс жасап, адал азамат баланы бауырмалдыққа, отанға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу. Ата,әже, ана, әке мектептері ата-анамен тығыз байланыс орната отырып іс-шаралар ұйымдастыру. Баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құру; мектепке дейінгі білім берудің сабақтастық және үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету; балалардың дене, зияткерлік, адамгершілік, эстетикалық, коммуникативтік дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру; әр жас топтарында бағдарлама материалының мазмұнын игеру

бойынша мониторинг ұйымдастыру; мектепке дейінгі ұйым мен отбасының өзара ықпалдастығы, ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады. Бағдарламаның ерекшелігі барлық білім беру саласы бойынша бірінші және екінші жарты жылдықта балаға нені үйрету керектігі нақты көрсетілген. Аталған бағдарлама меншік нысанына қарамастан, мектепке дейінгі ұйымдардың барлық түрлері мен типтеріне ұсынылады. Сондықтан биылғы оқу жылында осы бағдарламаны қолданамыз. Бұл бағдарламамен жұмыс істеу сіздерден үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан әр тәрбиешіге бағдарламаны алып қай жаста бала нені меңгеру керек екендігін толық оқып білу керек деп сөзін аяқтады.

1.СӨЗ СӨЙЛЕГЕН.

Меңгеруші - әдіскер С.К. Онбаева мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық әдіс - тәсілдерді енгізу балалардың білуге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салады. Сол себепті кез-келген педагог өз іс-тәжірибесінде түрлі педагогикалық технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолданады. Осы мәселе бойынша өз пікірлеріңізді ортаға салсаңыздар дер сөз кезегін тәрбиешілерге берді.

Барлық тәрбиеші әдіскер ұсынысын қабылдады.

ШЕШІМ:

3.Оқыту-тәрбиелеу процесінде тәрбиешілер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын қолдансын. Жауапты топ тәрбиешілері.

4.ТЫҢДАЛДЫ:

Бесінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі топтарға жауапты тәрбиешілерді бекітті.

ШЕШІМ:

Оқу жылы барысында дамыту орталықтарында барлық білім беру салалары бойынша көрнекіліктер мен құралдар толықтырылып, топ бөлмелері жыл мезгіліне байланысты безендірілсін. Жауапты топ тәрбиешілері.

5.ТЫҢДАЛДЫ:

Тәрбиешілермен бой сергіту барысында, және ойлау қабілеттерін дамыту, жылдамдықтарын арттыру, ауызбіршілікке шақыру мақсатында тренингтер өткізілді. Және тәрбиешілерге тестерге қатысуы айтылды.

ШЕШІМ:

Алда болатын тесттерге педагогтарға дайындалып, «Педагог-модератор» санатын алуға дайындалу айтылды.

 **Хаттама төрайымы:**



А.Ж.Жеңіс

 **Хатшы:**

М.Т. Арзакулова

**«Балажан» бөбекжай-балабақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.**

№2 педагогикалық кеңес хаттамасы

Тақырыбы: «Инклюзивті ортада ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық қызығушылығын ойын арқылы дамыту»

Мақсаты: 2025–2026 оқу жылының бағытына сай ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық, эмоционалдық және психологиялық қабілеттерін дамытатын, өмір сүру сапасын арттыратын қолайлы инклюзивті орта құру. Ойын технологиялары арқылы қызығушылықты арттырып, қауіпсіз әрі баршаға тең орта қалыптастыруға бағытталған педагогтердің кәсіби ұстанымын нығайту.

Өткізілген күні: 19 қараша 2025 жыл

Өткізілген орны: балабақшаның әдістемелік бөлмесі

Қатысқандар: барлық педагогикалық ұжым

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: меңгеруші С.К. Онбаева

Хатшы: М.Т. Арзакулова

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1.«Жасанды интеллект – инклюзивті білім беру құралы»

тәрбиеші Э.К. Галиева

2.«Қолдауға мұқтаж досым»: логопедиялық ойындар арқылы даму мүмкіндіктері

психолог: А.Ж. Жеңіс

3.«Инклюзивті ортадағы қауіпсіздік: әр балаға қамқорлық»

тәрбиеші А.Қ. Рысбаева

4.Тренинг: «Инклюзияны түсінеміз»

Жүргізуші: педагог-психолог : А.Ж. Жеңіс

№ 1 педагогикалық кеңесте

қабылданған шешімдерінің орындалуы

2025–2026 оқу жылының негізгі бағыттарының бірі – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды педагогикалық және психологиялық тұрғыдан қолдау, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, ойын және цифрлық технологиялар арқылы танымдық қызығушылықты дамыту. Осы бағытта өткен педагогикалық кеңесте түрлі мамандар өз тәжірибелерімен бөлісіп, шеберлік сыныптарын көрсетті.

1 □ «Жасанды интеллект – инклюзивті білім беру құралы»

Баяндамашы: тәрбиеші : А.М. Забирова

Мазмұны:

Баяндамада жасанды интеллекттің мүмкіндіктері мен оны инклюзивті ортада қолданудың тиімді жолдары қарастырылды. Тәрбиеші **Umaigra Kids, Talkie AI Avatar, CoSpaces EDU, Quiver Vision** секілді платформалар арқылы ерекше білім беруді қажет ететін балалардың қызығушылығын арттыру тәжірибесін ұсынды. Сонымен қатар, AI құралдарының көмегімен балалардың логикалық ойлауын, сөйлеу қабілетін және эмоциялық танымын дамыту жолдары көрсетілді. **Нәтижесі:** педагогтерге ЖИ технологияларын сабаққа кіріктірудің нақты тәсілдері ұсынылды.

2 □ «Қолдауға мұқтаж досым»: логопедиялық ойындар арқылы даму мүмкіндіктері

Баяндамашы: тәрбиеші: Қ.С. Калиева

Мазмұны:

Баяндамада сөйлеу тілі бұзылған және эмоционалды тұрақсыз балалармен жүргізілетін логопедиялық түзету ойындарының маңызы түсіндірілді. Логопед қатысушыларға артикуляциялық жаттығулар мен фонематикалық естуді дамыту ойындарын (мысалы, «*Айт та, қимылда*», «*Сиқырлы айна*») тәжірибе жүзінде көрсетті. Сондай-ақ, топтық қолдау мен ортақ ойын арқылы балалардың өзара достық қарым-қатынасқа үйрену тәсілдері ұсынылды. **Нәтижесі:** логопедиялық ойындар ерекше баланың сенімін арттырып, сөйлеу белсенділігін күшейтетіні дәлелденді.

3 □ «Инклюзивті ортадағы қауіпсіздік: әр балаға қамқорлық»

Баяндамашы: тәрбиеші : О.В. Шпак

Мазмұны:

Инклюзивті топтағы балалардың физикалық және психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар талқыланды. Тәрбиеші «**Психологиялық қауіпсіздік бұрышы**», «**Қауіпсіз ойын ережесі**», «**Менің денем – менікі**» сияқты тәжірибелік жаттығуларды таныстырып, қиын балалармен жеке жұмыс жүргізудің нақты әдістерін көрсетті. Педагог әр баланың өзін қауіпсіз, қабылданған және бағаланған сезінуі үшін қандай әрекеттер маңызды екенін түсіндірді. **Нәтижесі:** топтағы қамқорлық пен сенім атмосферасын қалыптастырудың тиімді тәсілдері көрсетілді.

4 □□Тренинг: «Инклюзияны түсінеміз»

Жүргізуші: педагог-психолог: А.Ж. Жеңіс

Мазмұны:

Тренинг барысында педагогтер арасында серіктестік пен эмпатияны дамыту мақсатында «**Әр бала ерекше**», «**Қолдау көпірі**», «**Қабылдаудың күші**» атты топтық және рөлдік жаттығулар өткізілді. Психолог инклюзия ұғымын кеңінен түсіндіріп, әр педагогтің баланың дамуына әсер ететін эмоционалдық және кәсіби рөлін айқындауға көмектесті.

Нәтижесі: педагогтердің инклюзия туралы түсінігі тереңдеп, бірлесе әрекет ету мәдениеті мен толерантты көзқарас қалыптасты.

5 □№1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы

Баяндамашы: меңгеруші С.К. Онбаева

Мазмұны:

Әдіскер жыл басында қабылданған шешімдер мен жобалардың орындалу барысын талдап өтті.

«Білім келешегі: Адал азамат – кәсіби маман» бағыты аясында педагогтердің кәсіби дамуына арналған әдістемелік жұмыстардың нәтижесі ұсынылды. Атап айтқанда:

- педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру курстары;
- инклюзивті білім беру бойынша шеберлік сабақтары мен дөңгелек үстелдер;
- «Кішкентай зерттеушілер», «Жас оқырман», «Қолдауға мұқтаж досым» жобаларының жүзеге асу деңгейі қаралды;
- балалардың жеке даму траекторияларын құру тәжірибесі көрсетілді.

Қорытынды:

Педагогикалық кеңес барысында барлық қатысушылар өз тәжірибесін бөлісіп, жаңа оқу жылындағы басым бағыттарды жүзеге асыруға арналған ортақ ұсыныстар қабылданды.

Инклюзивті мәдениетті нығайту, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру және әр баланың әлеуетін ашуға жағдай жасау – 2025–2026 оқу жылының басты мақсаты ретінде айқындалды.

Қаулы:

1. Ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс жасауда ойын элементтерін, цифрлық технологияларды белсенді қолдану ұсынылсын.
2. Логопедиялық және психологиялық сүйемелдеуді күшейту арқылы балалардың сөйлеу және эмоционалдық дамуын бақылау ұсынылсын.

**«Балажан» бөбекжай-балабақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.**

**Педагогикалық кеңес
ХАТТАМА №3**

Ақтөбе қаласы

09.02.2026 жыл

№3 педагогикалық кеңес тақырыбы:

«Балабақша мен әлеуметтік серіктестер (ата-ана, мектеп) арасындағы ынтымақтастық: баланың ортаға бейімделуін қолдау»

Мақсаты:

Бөбекжай мен отбасы, мектеп арасындағы өзара іс-қимылды күшейту арқылы баланың әлеуметке бейімделуіне, әлеуметті-педагогикалық қолдау көрсетуге жағдай жасау.

Өткізілген күні: 9 ақпан 2026 жыл

Өткізілген орны: балабақшаның музыка залы

Қатысқандар: барлық педагогикалық ұжым

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: меңгеруші С.К. Онбаева

Хатшы: М.Т. Арзакулова

1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу есебі

2. «Әкелер мектебі» жобасы – отбасы рөлін нығайтудың бір жолы

Тәрбиеші: Г.В. Бойченко

3. «Жас аналармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізуде ескерілетін жайттар» іс-тәжірибе бөлісу

к/тілі мұғалімі: К.Р. Дуйсекешева

4. «Мектеппен сабақтастық: «Бастауышпен көпір» жобасы

Әдіскер: А.М. Забирова

5. Баяндама: «Мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық сауаттылықты қалыптастыру»

Тәрбиеші: М.Т. Арзакулова

Тыңдалды:

1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу есебі

№2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы баяндама жасады. Баяндама барысында алдыңғы кеңесте берілген тапсырмалардың орындалу деңгейі сараланды. Атап айтқанда, ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың нәтижесі, балалардың бейімделу кезеңіндегі өзгерістері, тәрбиешілердің әдістемелік ізденістері талқыланды. Кейбір

тапсырмалар уақытылы орындалғаны атап өтілді, алайда жекелеген бағыттар бойынша жұмысты жандандыру қажеттілігі айтылды.

2. «Әкелер мектебі» жобасы – отбасы рөлін нығайтудың бір жолы

Тәрбиеші А.Ж. Жәніс «Әкелер мектебі» жобасы аясында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Ол әкелердің бала тәрбиесіне белсенді қатысуының маңыздылығын атап өтті. Жоба барысында әкелермен өткізілген кездесулер, тренингтер мен бірлескен іс-шаралар туралы мәлімет берілді. Сонымен қатар, әкелердің баламен қарым-қатынасын нығайтуға бағытталған әдістер ұсынылды. Тәрбиеші жобаны одан әрі жетілдіру бойынша өз ұсыныстарын білдірді.

3. «Жас аналармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізуде ескерілетін жайттар» іс-тәжірибе бөлісу

Тәрбиеші Калиева Қ.С. Жас аналармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізудің ерекшеліктерімен бөлісті. Өз сөзінде жас аналардың психологиялық жағдайын ескеру, оларға әдістемелік көмек көрсету, бала тәрбиесіне бағыт беру қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, тәжірибе барысында қолданылған тиімді әдіс-тәсілдермен бөлісіп, нақты мысалдар келтірді. Жас аналармен жүйелі және сенімді байланыс орнатудың маңызы ерекше екені айтылды.

4. «Мектеппен сабақтастық: «Бастауышпен көпір» жобасы

Әдіскер Бойченко Г.В. «Бастауышпен көпір» жобасы арқылы балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету жолдарын таныстырды. Баяндамада мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш сынып арасындағы білім беру мазмұнының бірізділігі, балалардың мектепке психологиялық дайындығы, педагогтар арасындағы өзара байланыс мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар, бірлескен іс-шаралар ұйымдастырудың тиімділігі атап өтілді.

5.Баяндама: «Мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық сауаттылықты қалыптастыру»

Тәрбиеші: Галиева Э.К. өз баяндамасында мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық сауаттылықты қалыптастырудың маңыздылығын жан-жақты түсіндірді. Балаларға құқық пен міндет туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру, ойын арқылы құқықтық тәрбие беру, күнделікті өмірде құқықтық нормаларды сақтау дағдыларын дамыту жолдары ұсынылды. Сонымен қатар, ата-аналармен бірлескен жұмыстардың қажеттілігі айтылды.

Сөйледі:

Педагогтар қаралған мәселелер бойынша өз пікірлерін білдірді.

(қатысушылардың нақты ұсыныстары мен пікірлері жазылады)

Қаулы:

1. №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау жалғастырылсын, орындалмаған тармақтар бойынша қосымша жұмыс жүргізілсін.
2. «Әкелер мектебі» жобасы аясындағы жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылып, әкелердің қатысу белсенділігі арттырылсын.
3. Жас аналармен жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық жұмыстардың мазмұны жетілдіріліп, жеке кеңестер мен тренингтер көбейтілсін.
4. Балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастықты нығайту мақсатында бірлескен іс-шаралар жоспары бекітілсін.
5. Балалардың құқықтық сауаттылығын қалыптастыру бойынша арнайы жоспар әзірленіп, жүйелі түрде жүзеге асырылсын.



Хаттама төрайымы:



Хатшы:



С.К. Онбаева

М.Т. Арзакулова

«Балажан» бөбекжай-балабақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.
№4 педагогикалық кеңес
хаттамасы

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы инновациялық әдістер»

Мақсаты: Балалардың экологиялық санасы мен қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруда құзыреттілік орталықтары, мобильді топтар және ата-аналармен бірлескен іс-әрекеттер арқылы тиімді әдістерді қолдану.

Өткізілген күні: 31 наурыз 2026 жыл

Өткізілген орны: балабақшаның музыка залы

Қатысқандар: барлық педагогикалық ұжым

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: меңгеруші Д.Б.Мұхамбетьярова

Хатшы: М.Т. Арзакулова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №3 педкеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы

2. Құзыреттілік орталығы: балалардың экологиялық білімін қалыптастырудың тиімді жолы

Әдіскер: Бойченко Г.В.

3. Экологиялық мерекелер – қауіпсіз мінез-құлық пен жауапкершілікке тәрбиелеудің тетігі

Музыка жетекшісі: А.Т. Есбусинова

4. Қимылды ойындар арқылы балалардың экологиялық мәдениетін дамыту (мобильді топ тәжірибесі)

Тәрбиеші: А.М. Забирова

5. Отбасымен бірлесе ұйымдастырылатын экологиялық тәрбие: қауіпсіздік пен жауапкершілік негізі

Тәрбиеші: Жеңіс А.Ж.

6. «Табиғат аясында экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы педагог көшбасшылығы»

Тәрбиеші: А.Қ. Рысбаева

ТЫҢДАЛДЫ:

1. №3 педкеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы

№3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы есеп тыңдалды. Өткен педагогикалық кеңесте баланың әлеуметтік ортаға бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында ата-аналармен және мектеппен байланыс орнату, бірлескен іс-шаралар өткізу, бейімдеу кезеңінде психологиялық қолдау көрсету міндеттері қойылған болатын.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде:

- * ата-аналармен кері байланыс жүйесі жолға қойылды;
- * ашық есік күндері, кеңестер, тренингтер ұйымдастырылды;
- * балалардың балабақшаға бейімделу деңгейі жақсарды;
- * тәрбиешілер мен ата-аналар арасында өзара сенім қалыптасты.

Сонымен қатар, кейбір топтарда жоспарланған іс-шаралардың толық әрі жүйелі орындалмағаны, құжаттаманың талапқа сай жүргізілмеуі анықталды.

2.Құзыреттілік орталығы: балалардың экологиялық білімін қалыптастырудың тиімді жолы

Әдіскер Бойченко Г.В. «Құзыреттілік орталығы – балалардың экологиялық білімін қалыптастырудың тиімді жолы» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамада:

- * Экологиялық білім беруде зерттеу, бақылау, тәжірибе әдістерінің маңыздылығы;
- * Топтарда «Табиғат бұрышы», «Зерттеу орталығы», «Су және құм алаңы» сияқты дамытушы орталарды ұйымдастыру;
- *Балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттыру арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыру жолдары қарастырылды.

Балалар тәжірибе арқылы табиғи құбылыстарды түсініп, табиғатты қорғау қажеттігін саналы түрде қабылдай бастайтыны атап өтілді.

3. Экологиялық мерекелер – қауіпсіз мінез-құлық пен жауапкершілікке тәрбиелеудің тетігі

Музыка жетекшісі А.Т. Есбусинова Экологиялық мерекелердің тәрбиелік маңызына тоқталды.

Атап айтқанда:

- * «Жер күні», «Құстар күні», «Табиғатты қорғау күні» сияқты мерекелердің балалар тәрбиесіндегі рөлі;
- * мерекелер барысында ән, би, көріністер арқылы балалардың табиғатқа жанашырлық сезімін дамыту;
- * қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын (өрт қауіпсіздігі, табиғаттағы тәртіп) қалыптастыру жолдары көрсетілді.

Экологиялық мерекелер балалардың эмоционалдық қабылдауын арттырып, тәрбиелік әсері жоғары екені айтылды.

4. Қимылды ойындар арқылы балалардың экологиялық мәдениетін дамыту (мобильді топ тәжірибесі)

Тәрбиеші А. М. Забирова мобильді топ тәжірибесімен бөлісті.

Қимылды ойындар арқылы:

- * балалардың табиғат туралы білімдері бекітіледі;
- * экологиялық түсініктер ойын арқылы жеңіл меңгеріледі;
- * табиғатты қорғау дағдылары қалыптасады.

Мысалы: «Таза орман», «Қоқысты сұрыпта», «Жануарларды қорға» сияқты ойындар балалардың белсенділігін арттырып, қызығушылығын оятады.

5. Отбасымен бірлесе ұйымдастырылатын экологиялық тәрбие: қауіпсіздік пен жауапкершілік негізі

Тәрбиеші Шпак О.В. ата-аналармен бірлескен жұмыстардың маңыздылығын атап өтті.

Ұсынылған бағыттар:

- * ата-аналармен бірге ағаш отырғызу;
- * сенбіліктер ұйымдастыру;
- * үй жағдайында экологиялық тәрбие беру;
- * балаларға үлгі көрсету арқылы жауапкершілік қалыптастыру.

Отбасы мен балабақша арасындағы бірлік – баланың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың негізгі факторы екені айтылды.

6. «Табиғат аясында экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы педагог көшбасшылығы»

Тәрбиеші М.Т. Арзакулова педагог көшбасшылығының маңызын ашып көрсетті.

Педагог:

- * балаларға үлгі бола отырып;
- * табиғат аясында ұйымдастырылған іс-шараларды тиімді жоспарлау арқылы;
- * экологиялық тәрбие беру процесін жүйелі жүргізу арқылы балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда жетекші рөл атқарады.

Табиғат аясындағы серуендер, бақылаулар, экскурсиялар балалардың танымдық белсенділігін арттыратыны атап өтілді.

ШЕШІМ:

1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын қатаң бақылауға алу, кемшіліктерді жою.
2. Барлық топтарда экологиялық бағыттағы құзыреттілік орталықтарын толық жабдықтау және тиімді пайдалану.
3. Экологиялық мерекелерді жүйелі түрде өткізу және олардың тәрбиелік маңызын арттыру.
4. Қимылды ойындарды оқу-тәрбие процесінде тұрақты қолдану.

5. Ата-аналармен бірлескен экологиялық іс-шараларды көбейту және жоспарлау.
6. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында тәжірибе алмасу жұмыстарын ұйымдастыру.
7. Балалардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға ерекше назар аудару.



Хаттама төрайымы:

Д.Б.Мұхамбетьярова



Хатшы:

М.Т. Арзакулова



Балажан» бөбекжай-балабақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.
Педагогикалық кеңес
Хаттама
№5

Тақырыбы:

«Нәтиже мен тәжірибе – дамуға бастар жол»

Мақсаты: МДМ-дегі барлық іс-әрекеттердің нәтижесін және әр педагогтың жеке жұмысын қорытындылау, тәрбие-білім беру үдерісін талдау.

Өткізілген күні: 29 мамыр 2026 жыл

Өткізу түрі: Педагогикалық идеялар жәрмеңкесі

Қатысқандар: барлық педагогикалық ұжым

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: меңгеруші Д.Б. Мұхамбетьярова

Хатшы: М.Т. Арзакулова

Күн тәртібі:

1. №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы

2. Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп, тәрбиешілердің жұмыстарының есебі

3. 2025–2026 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика)

4. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау

5. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту

6. Қорытынды-тренинг: «Өсу мен өзгеріс жолында»

ТЫҢДАЛДЫ:

1. №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы

№4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы жан-жақты талданды.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында келесі жұмыстар жүргізілді:

* барлық топтарда экологиялық бұрыштар мен зерттеу орталықтары ұйымдастырылды;

* «Жер күні», «Табиғатты қорғау күні» сияқты мерекелер өткізілді;

* ата-аналармен бірлескен сенбіліктер, акциялар ұйымдастырылды;

* балаларға қауіпсіз мінез-құлық дағдылары (табиғатта өзін ұстау, тазалық сақтау) үйретілді.

Нәтижесінде:

* балалардың табиғатқа деген қызығушылығы артты;

* қарапайым экологиялық түсініктер қалыптасты;

* ата-аналардың белсенділігі жоғарылады.

Кемшіліктер:

- * кейбір топтарда жұмыстар жүйесіз жүргізілген;
- * инновациялық әдістер жеткіліксіз қолданылған;
- * көрнекілік құралдар толық емес.

2. Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп, тәрбиешілердің жұмыстарының есебі

Педагогтардың жылдық есебі тыңдалып, педагогикалық идеялар жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Әр педагог өз жұмысын келесі бағыттар бойынша қорғады:

- * жылдық жоспардың орындалуы;
- * ұйымдастырылған оқу қызметінің сапасы;
- * балалардың даму динамикасы;
- * қолданылған инновациялық әдістер;
- * ата-аналармен жұмыс;
- * жеке жетістіктер мен қиындықтар.

Жәрмеңке барысында ұсынылған тәжірибелер:

- * авторлық дидактикалық ойындар;
- * STEM элементтері бар сабақтар;
- * экологиялық жобалар;
- * дамытушы орталарды жаңаша ұйымдастыру.

Ерекше атап өтілді:

- * балалардың шығармашылық белсенділігі артқаны;
- * ойын арқылы оқыту әдісінің тиімділігі;
- * педагогтардың кәсіби ізденісі.

3. 2025–2026 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика)

Балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша диагностика нәтижелері ұсынылды.

Бағаланған бағыттар:

- * танымдық даму;
- * коммуникативтік дағдылар;
- * әлеуметтік бейімделу;
- * шығармашылық қабілеттер;
- * дене дамуы.

Сараптама нәтижесі:

- * жоғары деңгей – 80%
- * орта деңгей – 15%
- * төмен деңгей – 5%

Қорытынды:

- * балалардың басым бөлігінде тұрақты оң динамика байқалады;
- * жеке жұмыс қажет ететін балалар анықталды;
- * түзету жұмыстарының бағыттары белгіленді.

4. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау

Аттестация мәселесі қарастырылды.

Педагогтарға:

- * жаңа талаптар мен критерийлер түсіндірілді;
- * портфолио жинақтау тәртібі айтылды;
- * ашық сабақтар мен іс-шаралар өткізу қажеттілігі ескертілді.

Аттестациядан өтуге өтініш білдірген педагогтардың тізімі бекітілді.

5. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту

Жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспары талқыланды.

Негізгі бағыттар:

- * таза ауада серуендер;
- * спорттық ойындар;
- * су және күн процедуралары;
- * шығармашылық іс-шаралар;
- * табиғат аясындағы бақылаулар.

Қауіпсіздік шаралары:

- * күн өтуден сақтау;
- * судағы қауіпсіздік;
- * санитарлық талаптарды сақтау.

6. Қорытынды-тренинг: «Өсу мен өзгеріс жолында»

«Өсу мен өзгеріс жолында» қорытынды тренинг өткізілді.

Тренинг барысында:

- * педагогтар өз жетістіктерін талдады;
- * кәсіби қиындықтарды анықтады;
- * келесі оқу жылына мақсат қойды;
- * «кері байланыс», «рефлексия» әдістері қолданылды.

Нәтиже:

- * педагогтардың мотивациясы артты;
- * ұжымдық жұмыс нығайды;
- * даму бағыттары айқындалды.

ШЕШІМ:

1. Оқу-тәрбие жұмысының жылдық нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Педагогтардың тиімді тәжірибелері жинақталып, таратылсын.



